

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Алматы облысы Талғар ауданы әкімінің 2026 жылғы 6 наурыздағы № 03-04 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, "Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес, Талғар ауданы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс отырысының 2026 жылғы 12 ақпан № 4 хаттамасы негізінде, Талғар ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Талғар ауданы, Бесағаш ауылдық округі, Бесағаш ауылы, Баянауыл көшесі, "Бурабай" коттедж қалашығы аумағында топырақтың өздігінен сырғуы орын алуына байланысты жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Объектілік масштабтағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға басшысы болып Талғар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары О.О. Каспакбаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Талғар ауданының әкімі

Т.Е. Айдарбеков